

5000 шаршы метрден асатын үй жанындағы жер учаскелеріне базалық салықтық мөлшерлемесін төмендету туралы

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 13-3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 қыркүйекте № 24448 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 531-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Байзақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Байзақ ауданының елді мекендерінде 5000 шаршы метрден асатын үй жанындағы жер учаскелеріне базалық салықтық мөлшерлемесі 1 шаршы метр үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге төмендетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байзақ аудандық
мәслихат хатшысы*

Б. Акбаев